Қазақстан Республикасының ІІМ
Басқару академиясы

ХАТТАМА
№ 6
Астана қ.
19.02.2026 ж.

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ПРОТОКОЛ
№ 6
г. Астана
19.02.2026 г.

Ғылыми-әдістемелік және
редакциялық-баспа кеңесінің отырысы

Төраға – О.Т. Сейтжанов
Хатшы – А.М. Алимханова
Қатысқандар: 14 адам (тізімі қоса беріледі).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «ҚР ҚК 380-3-бабында көзделген «Медициналық қызметкерлерге немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты зорлық-зомбылық қолдану қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу» әдістемелік ұсынымдарын талқылау туралы.

ҒЗИ орталық бастығы полиция подполковнигі А.М. Жусипбекованың баяндамасы.

2. Жас ғалымдар кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау туралы.

ЖҒК төрағасы полиция подполковнигі А.М. Кусаиновaның баяндамасы.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – «ҚР ҚК 380-3-бабында көзделген «Медицина қызметкеріне немесе жедел медициналық жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты күш қолдану» қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеу» әдістемелік ұсынымдары туралы баяндады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – ұсынымдар қылмыстық-құқықтық, криминалистикалық және процестік аспектілерді ұштастыра отырып, құқық бұзушылықтардың осы санатын тергеуге кешенді көзқарасты көрсететінін атап өтті. Қосымша наурыз айында Академияда Денсаулық сақтау министрлігі мен Ішкі істер министрлігі өкілдерінің қатысуымен «Медицина қызметкерлеріне қолсұғушылық үшін жауапкершілік» тақырыбында конференция өткізу жоспарланғанын хабарлады. Мақұлдауды ұсынды. Қарсылықтар түскен жоқ.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Әдістемелік ұсынымдар мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

Scanned with CamScanner

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинова А.М. – Жас ғалымдар кеңесі жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Мәселені талқылай келе, Кеңес мүшелері жоспарды толықтыру қажеттігі туралы шешімге келді. 10-тармақты гранттық зерттеулер, нысаналы технологиялық бағдарламалар, сондай-ақ мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылатын жобалардың өткізілуіне қарай олар бойынша конкурстық құжаттаманы дайындауға қатысумен толықтыру ұсынылды. Сонымен қатар жоспарға Академияда жоспарланған іс-шараларды қосу ұсынылды. Пысықталғаннан кейін жоспар бекітуге ұсынылсын.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Жас ғалымдар кеңесінің жұмыс жоспары ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып пысықталсын.
3. Толықтырылған жоспар бекітуге ұсынылсын.

Төраға **О. Сейтжанов**

Хатшы **А. Алимханова**

Scanned with CamScanner